



Келісінді
« Муқалжар аудандық
әдістемелік орталығы »
МКСЖК Ж.Жұмабасова
« 14 » 08 2021 ж

Педагогикалық кеңесте
қаралды Хаттама № 1
Г.Е.Сарсенова
« 19 » 08 2021 ж



Бекіттемін:
Мектеп директоры
Байғазы М.
« 19 » 08 2021 ж

Өнер әлемі

7-класс.

Жанатұрмыс негізгі орта мектебі
Әдістемелік бірлестік отырысында қаралды.
Хаттама № 1
Т. Сарғабай

« 19 » 08 2021 ж
Қолданушы: Айбасов А.Ж

Бекіттемін:
Мектеп директоры
« 19 » 08 2021 ж

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі кездегі жастардың мақсаты мен міндеті осы ата-бабаларымыздан қалған ұлттық сәнді қолданбалы қол-өнерін жалғастырып дамыту. Осы өнерді дамытып қана қоймай, оны қазіргі замандағы технологияларға сай бағдарлама құрып соны жетілдіру.

Қазақ халқында бұрыннан өнерге деген икемі болған. Олар жан-жақты дамып барлық өнерді бір-бірімен байланыстырып, мәдениет саласында дамытқан.

Ал қазіргі кездегі ұстаздың басты міндеті өз шәкіртіне жақсы білім беріп қана қоймай, оны жан-жақты дамытып, өнерге деген қызығушылығын оятып, қандай өнерге икемі бар екені анықтап, ұлттық сезіммен тәрбиелеу.

Егер біз ұлттық өнерімізді насихаттап, өз ұрпақтарымызға оны жеткізе білсек, онда біз көздеген мақсатымызға жеттік деп білуімізге болады.

Бағдарлама оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын оятып қана қоймай, олар осы ұлттық өнерге өз үлестерін қосуым керек, жан - жақты дамуым ол өзім үшін бір үлкен іс деп білуі керек.

Факультатив бағдарламасы –еңбекке баулудағы құрастыру , безендіру элементтерін кіріктіру арқылы көркемдік білім мазмұны мен шығармашылық іс-әрекеттерді тұтастықта құруды қамтамасыз етеді. Бұл үйірменің маңыздылығы – білім мазмұны жақын пәндердің ортақ пәнге қатысты элементтерін интеграциялау арқылы оқушылардың әлемді тұтас қабылдай алу қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Үйірменің өзектілігі: оқушыларды нарықтық экономика талабына сай жан-жақты, кездескен тығырынтан шыға білетін, іскер тұлға ретінде тәрбиелеу.

Мақсаты:

- оқушылардың технология пәні бойынша теориялық білімін практикамен ұштастыра игертіп және көркемдік, эстетика танымдық қызығушылығын арттыру.
- оқушылардың әр түрлі бұйымдар жасау арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.
- көркем-эстетикалық біліктілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Сәндік-қолданбалы өнер және басқа өнер саласындағы материалдардың өңдеу технологиясын білу;
- Бұйымдарды жасау жолын меңгерту;
- Қазақ халқының өнерінің түрлерін танып білу;
- Жұмысты жүйелеп қорытындылай білу;
- Құрал-саймандарды ажырата білу;
- Техника қауіпсіздік ережесін білу.

Үйірменің практикалық маңыздылығы:

Қазақ халқының қолөнерімен таныстыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, өз қолымен жасай білуге мүмкіндік жасау.

Үйірменің құрылымы: үйірме оқушылардың дарындылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жасалған.

Сабақты жүргізу әдісі :

Теориялық , практикалық сабақтар және сайыс сабақ, көрме

Күтілетін нәтиже:

- Шеберханада техника қауіпсіздік ережесін меңгереді;
- Халықтың сәндік-қолданбалы өнер түрлерін ажырата біледі;
- Бұйымдардың көркемдеп өңдеу технологиясын, дұрыс ұйымдастыруды меңгереді;
- Дизайн, композиция ұғымдарын ажырата біледі.
- Шеберханада жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырады;
- Шығармашылық жұмыстарды істей біледі;
- Ақпарат жүйесін пайдалануды біледі.

**7- сыныпқа арналған «Өнер әлемі» факультатив бағдарламасы аптасына 1 сағат .
Барлығы 34 сағат**

I.Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет (2 сағат)

Ұйымдастыру жұмыстары .Техникалық –қауіпсіздік ережелері және санитарлық-гигиеналық талаптармен таныттыру. Қолөнер түрлерінен мағұлмат беру .

II.Фетр матасынан сырмақ жасау технологиясы (8 сағат)

Қажетті құрал-жабдықтар. Ою-өрнек бастырмалар.Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау.Екі түрлі фетр матасынан үлгі арқылы ою қию. Екі түрін ауыстырып астарлық матаға көктеу.Ою жиегін кестелеіп тігу. Сырмақ жиегін жиектеу.Бұйымды тазалап аяқтау.

III. Кәде- сый заттарын жасау (6 сағат)

Қоржын түрлері және қоржынның эскизін жасау Қоржынды пішу. Ою үлгісін жасау. Оюды жапсырмалау. Қоржынды астарлау. Өшекейлеп тігу.

IV.Құрақ құрау арқылы бұйымдар жасау технологиясы (10сағат)

Құрақ құрау жабдықтары.Геометриялық фигураларды қолдану әдісі.Мата қиындыларын топтастыру жұмысын жүргізу.Құрақ арқылы сәнді сумке тігу.Негізгі бетін құрау.Астарлығын пішіп дайындау,сумке баулығын әзірлеу.Астырлығын негізгі бетіне біріктіру.Баулығын ,табанын қосып тігу.Өшекейлеп аяқтау.

V.Сәнді көпшіктер жасау технологиясы.(8 сағат)

Құрал-жабдықтарын дайындау.Үлгі әзірлеу.Үлгі арқылы негізгі және ішкі паралонын пішу.Екі бетін біріктіріп тігу.Ішін сентифонмен толтыру.Безендіру жұмыстары .
«Талаптыға нұр жауар» қол-өнер үйірмесінің көрме ұйымдастыру

**Тақырыптық оқу жоспары 7 сынып
34 сағат**

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Оқыту әдіс-тәсілдері	Білімділік ережелері	Сыныбы,мерзімі
I.Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет (1 сағат)					
1	Ұйымдастыру жұмыстары	1	түсіндіру	ақпарат	4.09
2	Техникалық – қауіпсіздік ережелері және санитарлық-гигиеналық талаптармен таныттыру Қолөнер түрлерінен мағұлмат беру	1	түсіндіру	ақпарат	11.09
II.Фетр матасынан сырмақ жасау технологиясы (8 сағат)					
3	Қажетті құрал-жабдықтар.Сырмақ түрлерінен мәлімет беру	1	түсіндіру	Эстетикалық талғамын арттыру	18.09
4	Ою-өрнек бастырмалар.Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы	1	түсіндіру	Танымын кеңейту	25.09
5	Ою-өрнектің үлгілерін жасау.	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	2.10
6	Екі түрлі фетр матасынан үлгі арқылы ою қию.	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	9.10
7	Екі түрін ауыстырып	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	16.10

	астарлық матаға көктеу				
8	Ою жиегін кестелеіп тігу	1	сарамандық	Эстетикалық талғамын арттыру	23.10
9	Сырмақ жиегін жиектеу	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	30.10
10	Бұйымды тазалап аяқтау.	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	13.11
III. Көде- сый заттарын жасау (6 сағат)					
11	Қоржын түрлері және қоржынның эскизін жасау	1	түсіндіру	Танымын кеңейту	20.11
12	Қоржынды пішу.	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	27.11
13	Ою үлгісін жасау. Оюды жапсырмалау.	1			4.12
14	Қоржындының астарлығын пішу	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	11.12
15	Негізгі бөлігімен астарлағын қосып тігу	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	18.12
16	Әшекейлеп бұйымды аяқтау	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	25.12
IV. Құрақ құрау арқылы бұйымдар жасау технологиясы (10сағат)					
17	Құрақ құрау жабдықтары.	1	түсіндіру	Эстетикалық талғамын арттыру	15.01
18	Геометриялық фигураларды қолдану әдісі	1	түсіндіру	Эстетикалық талғамын арттыру	22.01
19	Мата қиындыларын топтастыру жұмысын жүргізу	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	29.01
20	Құрақ арқылы сәнді сумке тігу ,үлгі әзірлеу	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	5.02
21	Негізгі бетін құрау	2	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	12-19.02
22	Астарлығын пішіп дайындау, сумке баулығын әзірлеу	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	26.02
23	Астырлығын негізгі бетіне біріктіру	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	5.03
24	Баулығын ,табанын қосып тігу.	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	12.03
25	Әшекейлеп аяқтау.	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	19.03
V. Сәнді көпшіктер жасау технологиясы.(8 сағат)					

26	Құрал-жабдықтарын дайындау.Үлгі әзірлеу	1	түсіндіру	Эстетикалық талғамын арттыру	2.04
27	Үлгі арқылы негізгі және ішкі паралонын пішу.	2	сарамандық	Шеберлігін арттыру	9-16.04
28	Екі бетін біріктіріп тігу.	1	сарамандық	Шеберлігін арттыру	23.04
29	Ішін сентифонмен толтыру	2	сарамандық	Шеберлігін арттыру	30.04-07.05
30	Безендіру жұмыстары .	1	сарамандық	Шығармашылығын қалыптастыру	14.05
31	«Талаптыға нұр жауар» қол-өнер көрмесі	1	Топтық жұмыс	көрме	21.05

Пайдаланған әдебиеттер: Мұғалімдер үшін

1. С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» Қазақстан -1969ж.
2. Р.Н. Нұрғалиев «Шаңырақ» энциклопедиясы Алматы, 1990ж.
3. С.Төлебаев, М.Өмірбеков «Ою-өрнектің жасалу жолдары» Алматы,1993ж.
4. С.Төлебаев «Ою-өрнек»
5. А.Оразбаев «Қазақ халқының қолөнері» Алматы 1970ж.
6. Ш.Әбдуалиев «Халық өнері»
7. «Мектептегі технология» журналдары
8. Ө. Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ» Алматы 1977 жыл.
9. Ж.С. Мұқанов «Қазақтың үй тұрмысындағы көркем қол өнері» Алматы 1974ж.
10. Ж.Байтасова «Қызым саған айтам» Қолөнер 1997ж.
11. «Жүннен жасалған бұйымдар» Қайнар 1990ж
12. М.Оразаев М. М. Смайлова С. Қалиев «Қазақ халқының салт- дәстүрлері» Алматы -1997жыл.

Пайдаланған әдебиеттер: Оқушылар үшін

1. «Қолөнер Лена» журналы
2. «Шаңырақ» Үй тұрмыстық энциклопедиясы Алматы 1990ж
3. «Шебердің қолы ортақ» Алматы 1974ж.
4. «Жүннен жасалған бұйымдар» Қайнар 1994ж.
5. С.Қасиманов «Қазақ халқының өнері» Алматы 1995ж.
6. Ою-өрнектің жасалу жолдары Алматы 1993ж С.Төлебаев М.Өмірбеков
7. «Ою-өрнектер» С.Төлебаев
8. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы 1970ж А.Оразбаев.
9. «Қазақ халқының салт- дәстүрлері» Алматы -1997жыл.

Пайдаланған әдебиеттер: Оқушылар үшін

1. «Қолөнер Лена» журналы
2. «Шаңырақ» Үй тұрмыстық энциклопедиясы Алматы 1990ж
3. «Шебердің қолы ортақ» Алматы 1974ж.
4. «Жүннен жасалған бұйымдар» Қайнар 1994ж.
5. С.Қасиманов «Қазақ халқының өнері» Алматы 1995ж.
6. Ою-өрнектің жасалу жолдары Алматы 1993ж С.Төлебаев М.Өмірбеков
7. «Ою-өрнектер» С.Төлебаев
8. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы 1970ж А.Оразбаев.